

Конкабаева Назым Нурболатовна

«Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация

«6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмыстың
АҢДАТПАСЫ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертацияда жалғыз түпнұсқасы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) №3092 нөмірімен сақтаулы «ат-Тухфату-з- закийату фил-луғатит туркийати» ("التحفة الزكية في اللغة التركية") (бұдан кейін «ат-Тухфа» деп беріледі) атты қолжазбаның зерттелу тарихы, қолжазбадағы лексемалардың тарихи-тілдік интерпретациялануы, құрылымы, тілдік бірліктері қарастырылды.

Түпнұсқадағы «التحفة الزكية في اللغة التركية» ескерткіш атауы сөзбе-сөз «Түркі тіліндегі бағалы сыйлық» деп аударылады. Автордың түркі тілі терминін қазіргі түркітанудағы 40-қа жуық түркі тектес халықтардың бәрін қамтитын жалпы атау ретінде түсіну қажет. «Түркі тілі (тілдері)» атауы түркі тілдес халықтар мен этникалық топтары деген ортақ атаумен аталады.

Жұмыста «Ат-Тухфа» ескерткішіндегі тілдік бірліктерді мағыналық топтарға бөліп, қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып зерттеу, этимологиялық-семантикалық талдау жұмыстары жүргізілді. Мысыр тарихындағы Мәмлүктер билігі дәуірінде жазылған ескерткіштің тілі ортағасырлық деректерге, ортағасырлық және түркі тіліндегі сөздіктерге, түркітанушы ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып анықталды. «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігінде берілген этнографизмдерге лингвистикалық интерпретация жасалды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазақстанның ортағасырлық тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – Қыпшақ дәуірі болып табылса, осы дәуірдің жемісі ислам өркениетінде ерекше орны бар жазбаша деректерге ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеуге деген қажеттілік түркі өркениеті мен мәдениетіне жаңаша көзқарастардан туындап отырған. XIII-XV ғасырларда-ақ қыпшақ мәдениеті мен тіліне байланысты мәдени-тарихи жәдігерлер Жерорта теңізінің арғы бетінде шамамен мәмлүктер билік еткен тұста дүниеге келгені белгілі. Қыпшақтар өз топырағында көне Отырар қолжазбаларын сақтап қала алмаса да, араб әлеміндегі қыпшақтардың мәдени-әдеби мұралары бүгінгі күнге дейін жетіп отырғаны қазіргі түркітану ғылымы үшін орасан зор қазына деп бағалауымызға болады. «Мәдени мұра» және «Халық тарих толқынында» бағдарламалары аясында мәдени-әдеби мұраларды елімізге әкеліп, зерттеу түркітанушылардың тіл тарихын зерттеуде, қыпшақ тілінің мәртебесін анықтауда өз үлестерін қоспақ.

Ортағасырларда Мысырда түркі тіліне қатысты «Китаб булғат ил-муштақ фи луғат ит-турк уа-л-кифжақ» («كتاب بلغة المشتق وفي لغة الترك والفقجاق»)

(Джамаладин ат-Турки. «Түркі және қыпшақ тілдерін жақсы игеруге арналған кітап», XIV ғ.), «Ал-қауанин-ал-куллия ли дабт-ал-луғати ат-туркийя (القوانين الكلية لضبط اللغة التركية)» («Мәмлүк қыпшақтарының тілін үйренуге арналған грамматикалық трактат»), «ат-Тухфатуз закийату фил луғати-т туркийати (التحفة الزكية في اللغة التركية)» («Түркі тіліндегі бағалы көркем туынды», XV ғ.), «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак (كتاب الادراك للسان الاتراك)» (Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап, Асир әд-Дин Әбу Хайан, XIV ғ.) сияқты ескерткіштер жазылғаны белгілі. Жоғарыда аталған араб, парсы тілдерінде жазылған деректерде қыпшақ тілі мен мәдениетіне қатысты көптеген мәліметтер сақталған, сондықтан оларды зерттеу қазіргі таңда өз өзектілігін жойған жоқ.

Ортағасырларда жазылған бұл қолжазбалардан түркілердің тілі мен тарихына, тұрмыс-тіршілігі мен өміріне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне қатысты көптеген құнды деректерді табуға болады. «Ат-Тухфа» қолжазбасын қазіргі таңда түркітанудың жаңа ғылыми парадигмасы тұрғысында зерттеу осы салаға жаңа көзқарастар мен пікірлердің туындауына себеп болатыны белгілі.

Диссертацияда «Ат-Тухфа» ескерткішінің түпнұсқасымен жұмыс істеп, оған талдау жасалды. Қолжазбаның түпнұсқасын зерттеудің, оған жаңаша көзқараспен талдау жасаудың қажеттігі, өз заманындағы қыпшақ тілі мәртебесін анықтау болып табылды. Қолжазба мазмұнынан байқағанымыз XV ғасырда қыпшақ тілі, қазіргі терминмен айтқанда, дипломатия, сарай тілдердің бірі болған.

Ғылымда «Ат-Тухфа» қолжазбасы жазылған жері мен уақыты туралы да пікірлер бірыңғай емес. Түркітану саласында алатын орнына әділ баға берілу керек. Қыпшақ тілінде жазылған жәдігерлерді қайта қарастырып, қолжазбаларды жалпы оқырман қауымға қолжетімді қылу да жұмыстың басты мақсаты болмақ. Аталмыш еңбек түркі тілдері, әсіресе қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарайым, қарашай-балқар, қырым татар тілдерінің тарихында үлкен рөл атқарады. Қыпшақ тобындағы тілдердің этнолингвистикалық, этнографиялық қырларын талдауда «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы материалдың маңызы орасан зор.

«Ат-Тухфа» қолжазбасында берілген тілдік бірліктердің басым көпшілігі әлі де қолданыста екендігін ғылыми дәйектемелермен дәлелдеу жұмыстың өзектілігін арттырады.

«Ат-Тухфа» қолжазбасы тек ортағасырлық араб және қыпшақ тілдеріндегі, қостілді сөздік қана емес, түркі тілдерінің даму тарихы туралы маңызды мәлімет бере алатын лингвистикалық еңбек. Аталған ескерткішке қатысты қазіргі түркология мамандарының жаңа ғылымдар тоғысында зерттеу еңбектері көптеген тілдік фактілер мен байланыстарды, тіл тарихындағы маңызды факторларды тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының нысаны – ортағасырлық «Ат-Тухфа» ескерткішінің тілі.

Зерттеу пәні – «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы лексикалық бірліктердің тарихи-лингвистикалық сипаттамасы.

Зерттеу жұмысының мақсаты – түпнұсқадағы араб және қыпшақ тілдерінде жазылған «Ат-Тухфа» ескерткішіне кешенді талдау жасау.

Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттер** қойылады:

- «Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелу тарихына шолу жасап, зерттеу деңгейін анықтау;

- «Ат-Тухфа» ортағасырлық ескерткішіне палеографиялық талдау жасау, қолжазбаның құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін айқындау;

- қолжазбадағы лексемаларға тарихи-лингвистикалық дәйектеме беру;

- «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы саны жағынан ең көп кездесетін лексикалық бірліктер «жылқы» мен «ит» атауларына танымдық-лингвистикалық талдау жасау;

- «Ат-Тухфа» еңбегіндегі этнографизмдердің танымдық-лингвистикалық табиғатын анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында негізгі дереккөз ретінде араб-қыпшақ тілдерінде жазылған «Ат-Тухфа (التحفة الزكية في اللغة التركية - Түркі тіліндегі бағалы сыйлық, XV ғ.)» ескерткішінің (жалғыз түпнұсқасы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында (Ыстамбұл, Түркия) №3092 нөмірімен сақтаулы) түпнұсқасы басшылыққа алынды.

«Китаб ад-дурр ал-мудия фи луғат ит-туркия ала тамам уа ал-камал (كتاب الدرة المضية في اللغة التركية على تمام والكمال – Түркі тілінің жарқын інжу-маржаны әрі толық жазылып біткен кітап, XIV ғ.)» қолжазбасы қосымша дереккөзі ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, М. Қашқаридің «Диуану луғат ит-түрік» жұмысының А.Егеубайдың қазақ тіліне (1- 3 том, Алматы, 1997-1998), З.М. Ауэзованың орыс тіліне аудармалары (Алматы: Дайк-Пресс, 2005), Древнетюркский словарь (ДТС, Ленинград, 1969), Э.В. Севортянның «Этимологический словарь тюрских языков (Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі) (Общетюркские и межтюркские основы на гласные, М., 1974)», 16 түркі тілі (қазақ (Казахско-русский словарь, Алматы: Дайк-Пресс, 2002), карақалпақ (Русско-каракалпакский словарь, М., 1967), ноғай (Русско-ногайский словарь, М., 1956), татар (Русско-татарский словарь, М.: Рус. яз., 1991), башқұрт (Башкирско-русский словарь, М., 1958), құмық (Русско-кумыкский словарь, М., 1960), түрікмен (Русско-туркменский словарь, М., 1956), әзірбайжан (Русско-азербайджанский словарь, Том1-4, Баку, 1946-1990), түрік (Гүлтек В. Русско-турецкий словарь, Стамбул, 2012), өзбек (Русско-узбекский словарь, I-II том, Ташкент, 1983-1984), ұйғыр (Русско-уйгурский словарь, М., 1956), қырғыз (Русско-киргизский словарь, М., 1957), алтай (Русско-алтайский словарь, М., 1964), тува (Русско-тувинский словарь, М., 1980), хақас (Бутанаев В.Я. Русско-хакасский словарь, Петропавловск: «Полиграфия», 2011), чуваш (Русско-чувашский словарь, М., 1971) бойынша түсіндірме және аударма сөздіктері қолданылды.

Зерттеу материалы ретінде «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігінде берілген 1500-ге жуық сөз, «ад-Дурра» сөздігінен «Ат-

Тухфа» сөздігінің лексемасына синоним 1000 сөз, «Көне түркі сөздігінен» «Ат-Тухфа» сөздігінің лексемасына синоним 123 сөз, 16 түркі тілі (қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, түрікмен, әзірбайжан, түрік, өзбек, ұйғыр, қырғыз, алтай, тува, хакас, чуваш) бойынша аударма сөздіктерінен «Ат-Тухфа» сөздігінің лексемасына синоним 1152 сөз жинастырылып, талданды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі түркі тілдерінің тарихы, тарихи лексикологияның теориялық мәселелеріне нақты тілдік дәйектемелермен өзіндік үлес қоса алады. Олар төмендегідей:

- «Ат-Тухфа» қолжазбасына толықтай сипаттама беріліп, палеографиялық талдау жасалды;

- «Ат-Тухфа» қолжазбасындағы сөздер лексика-семантикалық топтарға жіктеліп, алғаш рет қазіргі түркі тілдерімен салыстыру жүргізілді,

- қолжазба тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелденді;

- ортағасыр мен қазіргі дәуірге ортақ, мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін лексикалық параллельдер сараланып көрсетілді;

- қолжазбадағы лексикалық бірліктердің салыстырмалы-тарихи интерпретациясы берілді;

- «Ат-Тухфадағы» «жылқы» және «ит» сөздерінің семантикасына танымдық талдау жасалды;

- ортағасырлық сөздіктегі этнографизмдер қарастырылып, Мысырдағы қыпшақтардың этномәдени ерекшелігі сипатталды;

- ортағасырлық «Ат-Тухфа» қолжазбасы негізінде арабша-қыпшақша сөздіктің транскрипциясы беріліп, сөздіктің қазақша аудармасы жасалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми, теориялық және әдіснамалық негізі. Ортағасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша отандық (Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, Ә. Дербісәлі, А.З. Рүстемов, М.Н. Маженова, Б. Сағындықұлы, Ш. Шарапатұлы, Т.А. Арынов, Ә. Керімов, Ә. Ибатов, М.Б. Сабыр, С. Дүйсенов, З.А. Әуезова, Б.Н. Жұбатова, Қ. Садықбеков, Б. Атабай, Ш.С. Қалиева, Б.М. Сүйеркүл) және шетелдік ғалымдардың (Х. Кун, Б. Аталай, С.М. Муталибов, А. Зайончковский, Э.Н. Наджип, Э.И. Фазылов, М.Т. Зияева, А.И. Чайковская, Р. Эрмерс), қазіргі түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясы (Н.А. Баскаков), көне түркі ескерткіштерінің тілі және руникалық жазулар (С.Е. Малов), түркі тілдерінің құрылымдық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі (Э.С. Севортян, Н. Гаджиева, А.М. Щербак), қазақ лингвистерінің түркологиялық зерттеулері (Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, М. Томанов, Ғ. Айдаров, Б. Сағындықұлы, Ә.Т. Қайдар, М.Б. Сабыр, Р.Ә. Авакова, Б.М. Сүйеркүл, Қ. Садықбеков, Ғ. Қортабаева), көне және ортағасырлық қолжазбаларындағы ономастикалық кеңістік (Т. Жанұзақ, В.У. Махпиров, Р.Н. Шойбеков, Ғ.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, Қ.Ғ. Аронов), араб тіліндегі түркизмдер (Ұ.Т. Алжанбаева, Б.Н. Жұбатова), этнолингвистика бойынша (Ә.Т. Қайдар,

Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева) ғалымдардың еңбектерінің әдіснамасы басшылыққа алынды.

Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат-міндеттерді шешу барысында қазіргі түркітануда қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Диссертацияны жазу барысында деректанулық, палеографиялық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және өңдеу, сұрыптау, аудару тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Диссертацияда ортағасырлық қолжазбаны зерттеуде, талдауда қолданылған теориялық тұжырымдар, қыпшақ тобындағы тілдерге тән фонетикалық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар салыстырмалы фонетика, лексикография салаларын дамытуға өз септігін тигізсе, лексикалық топтарға жасалған талдауды мәдениеттану, этнолингвистика сынды пәнаралық кешенді ғылымдарда қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғары оқу орындарында салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, оқу құралдарын құрастыру барысында, сонымен қатар жалпы тіл білімі, түркі тілдерінің тарихы мен мәдениеті бойынша арнайы курстар оқу және мәдени деректерді қажет ететін сөздіктер құрастыруда қолдануға болады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихына қатысты оқулықтарда сөздік ретінде қолдануға да болады. Қазақстандық шығыстану, түркітану, қыпшақтану ғылыми зерттеу жұмыстарында байырғы этностардың ақпараттық қорын құрастыруда зерттеудің практикалық үлесі бар, этномәдени және лингвистикалық қатынастарды анықтауда тың деректер бермек. Құрастырылған арабша-қыпшақша сөздікті түркітану мамандығы бойынша бакалавр, магистрант, докторанттарға «Ортағасырлық түркі ескерткіштері» пәніне қосымша құрал ретінде қолдануға болады.

«Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздік бөлімі «Арабша-қыпшақша-қазақша сөздік («Ат-Тухфа аз-закиййа фи луғати-т-туркиййа» (XV ғ.) қолжазбасының лексикасы)» атаумен сөздік болып құрастырылып, жарық көрді.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

1. Қыпшақ тілі өз заманында араб халқы үшін жоғарғы билеуші тап өкілдерімен қатынас құралы болған. Қолжазба қыпшақ тілінің Еуразия даласында халықаралық мәртебесін нақтылай түсетін, арабтарға қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылған оқулық және қостілді сөздік болып табылады.

2. «Ат-Тухфа» түркілердің Мысырдағы мәмлүктер билігі тұсындағы араб-мұсылман қоғамында өзіндік тарихи орнын сипаттайтын, өз кезеңінде түркі тілінің үлкен сұранысқа ие екеніне дерекнамалық дәлел бола алатын,

сол дәуірде өмір сүрген мәмлүктер тілінің әлемдік бейнесінен мағлұмат беретін Мысырда жазылған қолжазба.

3. Ат-Тухфа қолжазбасының тілі оғыз және қарлұқ тілдерінің элементтері араласқан [й] тілдер тобына кіретін Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін дерлік қамтитын, ғылымда ортақ тіл деп аталатын көне қыпшақ тілінде жазылған.

4. Қолжазбадағы қыпшақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алған «жылқы» және «ит» атауларының сандық көрсеткіші түркі тілдерінің бай сөздік қорының нәтижесінде болған. Аталмыш семалардың тарихи негіздері халықтың болмысымен тікелей байланысты «мәдени кодтарды» жеткізуші ұлттық сана-сезімді өз бойына сақтаушы тілдік таңба болып табылады. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік сақталған «ит» және «жылқы» атауларында халықтың ұлттық танымы, дүниеге көзқарасы, мәдениеті мен салт-санасы көрініс тапқан.

5. «Ат-Тухфа» арабша-қыпшақша сөздігі ортағасыр кезеңіндегі түркі тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығы, дәстүрі, соғыс және зергерлік өнері, өмір сүрген және қоршаған ортасына қатысты құнды деректер береді. Ескерткіште кездесетін түркі тілдеріне ортақ этнографизмдер халықтың тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси тағдырынан, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен, наным-сенімдерінен тарихи ақпарат беретін ортағасырлық түркілердің табиғат пен қоғамды түсініп, қабылдауымен тікелей байланысты.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, ғылыми-теориялық халықаралық конференциялар негізінде 12 мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 8 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Еуразия ғылыми зерттеу институтының жас ғалымдарға арналған стипендиялық бағдарламасы аясында диссертацияның бір бөлімі негізінде «ат-Тухфа аз-закия фил луғат ит-туркия» еңбегіне «Тарихи-лингвистикалық экскурс» атты ғылыми жоба жасалып, ағылшын тіліне аударылды.

Диссертациялық жұмыс «Мысыр мәдениетіндегі түркі-қыпшақтық қабат» атты жоба аясында (2018-2020) (жоба жетекшісі – филол.ғ.д., доцент Жұбатова Б.Н.) түркі-араб байланыстары, мысыр араб мәдениетінің қалыптасуындағы қыпшақтар үлесі, ортағасырлық Египеттегі түркі-қыпшақ тілінің мәртебесі деген мәселелерді анықтауда қарастырылады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қосымшада «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігі қазақ тіліне алғаш рет толық аударылып, сөздердің арабша, қыпшақша нұсқалары, транскрипциясы, қазақша аудармасы, қолжазбада көрсетілген парақтың бетіне сәйкестендіріліп берілді.